




№43 (10033)
1 маусым,
сенбі
2024 ЖЫЛ

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

7 035 бала демалыспен қамтылады

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, биыл аймақта орналасқан 8 лагерьде 7 ауысымда 7 035 бала демалыспен қамтылады деп күтілуде. Бұл туралы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бектұр Қали мен Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ерлан Ұзақбаев хабарлады.



Маусым басталар алдында барлық лагерь халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға міндетті. Бүгінде маусымдық 6 лагерьден қорытынды алуға өтініш түскен. Жаңақорған ауданындағы «Тау самалы» лагеріне санлид қорытынды берілсе, қалған 5-еуі жұмыс үстінде. Сондай-ақ Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі жазғы сауықтыру маусымы қарсаңында қала сыртындағы балалар лагерьлерінде санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін өткізген.

Облыс көлемінде орналасқан жазғы сауықтыру лагерьлерінде су айдындары мен жабық бассейндерден 24 су сынамасы және топырақтан 18 сынама іріктеліп алынған, зерттеулер нәтижелері бойынша сынамалар гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді. Десе де маусым бойы су айдындары мен бассейндердің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Балалар арасында инфекциялық ауруларды болдырмау мақсатында лагерьге баратын балалар денсаулық жағдайы туралы 0711-е нысаны бойынша «Сауықтыру лагеріне баратын оқушыға арналған медициналық анықтамасы» мен инфекциялық аурулармен байланысы жоқ және профилактикалық егу жұмыстары жүргізілгені туралы медициналық анықтамасы болған жағдайда қабылданады. Сонымен қатар 290 мектеп жанынан тамақпен және тамақсыз күндізгі тынығу лагерьлерінің жұмысы ұйымдастырылады.

Бюджет маңызды мәселелер шешіміне бағытталады

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының іске асу барысы талқыланды. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының қорытындысы шығарылып, алда атқарылатын істердің ауқымы белгіленді.

Жиынға өңірдегі ірі құрылыс компанияларының басшылары қатысты. Аймақ басшысы өңірдегі құрылысы жүргізілетін нысандардың сапасына ерекше назар аударуды тапсырды. – «Жайлы мектеп» – Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асқан және тікелей бақылаудағы ұлттық жоба. Оны уақытылы әрі сапалы орындау – аса маңызды мәселе. Барлық жұмыстар мерзімінде аяқталуы тиіс. Біз өз тарапымыздан мердігер мекемелерге қолдау көрсетуге дайынбыз, бірақ жұмыс жоғары деңгейде орындалуы керек, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Биыл облыс бюджеті 678 млрд теңгеге жетті. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда. Инфрақұрылымды дамытуға 45 млрд 200 млн теңге бөлінді. Оның ішінде тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтуға 11 млрд, жылу қазандықтарын жөндеуге 4,8 млрд, ауыз сумен қамту және суды бұруға 5,4 млрд, газбен қамтуға 6 млрд, электр желілерін жаңғыртуға 11 млрд, жылу желілерін жаңғыртуға 7 млрд теңге бағытталды. Сондай-ақ 33 млрд теңгеге 300 шақырымға жуық автомобиль жолы жөндеуден өтеді.

Бүгінде 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Облыс орталығында «Шығармашылық академиясы», екі ауданда Оқушылар үйі мен Өнер мектебі салынууда. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқын алған.

«ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд 350 млн теңгеге 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының құрылысы жүргізілуде. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен 650 орындық заманауи үлгідегі жаңа музыкалық колледж ғимаратының құрылысы басталды. Барлық ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият» орталығы салынууда. Сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі бой көтереді. Орталық алаң демеушілер есебінен жөндеуден өтуде. Нысан жақын күндері халық игілігіне табысталады.

Аймақ басшысы елді мекендерді абаттандыру жұмыстарына тоқталып, қала, аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма жүктеді. Жуырда елімізде өткен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына өңір еріктілері, бюджет саласы мен кәсіпорындар қызметкерлері белсенді қатысты. Іс-шарада қоқыс қалдықтары шығарылып, скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандары, өзен-көлдер мен арықтар, аулалар мен көшелердің бойы тазартылды. Бұл жұмыстар жалғасын тауып, елді мекендердің тазалығын күнделікті қадағалау қажет.

«ЖЖ» ақпарат

Ел игілігі



«Ауыл аманаты»: Өтінім беру жеңілдейді

«Ауыл аманаты» жобасы іске қосылғалы ауданға қарасты ауылдық елді мекендерде кәсіппен айналысқысы келетіндердің қатары артқан. Жалпы өңірде кәсіпкерлік саласында серпін бар. Бүгінде кент пен 8 ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өндіріс, асыл тұқымды мал шаруашылығы, қызмет көрсету, өсімдік шаруашылығы бағытында 179,7 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылған.

Осы орайда бағдарламаның тиімділігі мен қаржы ұйымының талаптары түсіндіру үшін аудан әкімінің орынбасарлары мен тиісті сала басшылары тарапынан былтыр Жалағаш кенті және ауылдық округ тұрғындарымен 30 кездесу ұйымдастырылған. Аудан әкімінің хаттамалық тапсырмасында кент және ауылдық округ әкімдері «Ауыл аманаты» жобасы бойынша кемінде екі жобадан қаржыландыру тапсырылған.

Айта кетейік, «Ауыл аманаты» партиялық жобасын жүзеге асыру үшін былтыр Сыр өңіріне 3 млрд теңге бөлініп, бағдарламада қарастырылған негізгі 5 бағыт бойынша 406 жоба қаржыландырылған, яғни 33 кооператив,

373 жеке кәсіпкерге 2,5 пайызбен несие берілген. Биыл облысқа 4 млрд 600 млн теңге бөлініп, 575 жобаны қаржыландыру, 610 жаңа жұмыс орнын ашу көзделуде. Қазіргі таңда комиссия жұмысы басталып, негізгі оператор ретінде «Байқоңыр» ӘКК АҚ-ның облыстық филиалы анықталған.

Жоба аясында тағы да жағымды жаңалық бар. Енді «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысуға ниет білдірген азаматтар үшін электронды ақпараттық жүйе әзірленуде. Портал жеңілдетілген несие алып, кәсіп ашуды көздеген адамға тиісті өтінімді үйден шықпай-ақ қашықтан беруге мүмкіндік туғызады. Жүйе жобасы ҚР Премьер-

министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен кеңесте таныстырылды.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған бағдарламаға қатысушыларға жеңілдетілген несие беру үрдісін өңірлердегі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар үйлестіреді. Олардың кеңселері облыс орталықтарында орналасқан. Бұл ретте шалғайдағы ауылдардан келіп, өтінім беру қиындық тудырмайды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауовтың сөзінше, өтінім беру жүйеге электронды қолтаңбасы арқылы тіркеліп, бағдарламаға қатысуға қажетті мәліметтер мен құ-

жаттарды жүктейді. Қолданушының рұқсатымен оның жеке деректері тексеріліп, базаларда бар кей мәліметтер автоматты түрде енгізіледі. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларда өтінім бірнеше сатыда қарастырылады. «Ауыл аманаты» арқылы несие алуға ниетті азамат жеке кабинеті арқылы құжаттар нақты қай маманның қарауында тұрғанын көре алады. Жуырда электронды жүйені Жамбыл облысында пилоттық режимде енгізу көзделіп отыр.

Тамара Дүйсенованың айтуынша, бағдарламаға қатысушылар үшін барынша жағдай жасалмақ. Жетілдірудің түпкілікті мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын арттыру екені сөзсіз. Сондықтан берілетін несиелер ауылдағы ағайынның тұрақты табысқа қол жеткізуіне ықпал етуі тиіс. Бағдарламасы арқылы кәсіп ашқан немесе жұмысқа орналасқандар туралы деректер тиісті базалар арқылы тексеріледі.

Жандос ЖАЗКЕН

Маман мерейі

Гүлмира Еспенбетова, аспаз:

Аспазға шығармашылық ізденіс керек

«Әрбір адам өзінің кәсібі болашағын, қандай мамандық иесі болатынын оқушы кезінен жоспарлайды. Өз жолыңызды қалай таңдауға және қателеспегуге болады? Еңбек қуаныш сыйлайтындай өміріңізді қандай мамандықпен байланыстырасыз? Иә, бұл сұрақтарды әрқайсысымыз өзімізге бірнеше рет қойғанбыз. Өйткені қоғамда өз орнын табымын деген адамның басты міндетінің бірі – мамандықты дұрыс таңдау» деп бастады әңгімесін аспаз Гүлмира Еспенбетова.

Күні кеше аудандағы индустриалды-аграрлық колледжіне атбасын бұрып, жұмыс барысымен танысқан болатынбыз. Кіреберістен адамның төбетін ашатын жағымды иіс байқалды. Иә, оқу орнында «Аспаз» мамандығы бойынша дәріс беріледі. Сол сәтте кәсіптің асханада 1 топ оқушы аспаз Гүлмира апаймен бірге төтті тоқаш пісіріп жатыр екен.

Гүлмира Еспенбетова Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжіде «аспаз» және «кондитер-безендіруші» мамандығы бойынша ұстаздық етеді. Бұл салада 23 жылдық тәжірибесі бар кейіпкерімізден бүгінде 40 студент тәлім алып, кәсібі шыңдалуда. Сондай-ақ оның шәкірттері түрлі аймақтық, республикалық сайыстардың жүлдегері атанған. Нақтырақ айтсақ, былш шәкірті Милана Сайдуллаева «WorldSkills Kazakhstan» ұлттық чемпионатының аймақтық байқауында 2 орынды иеленген. Қазіргі таңда Гүлмира апайдан аспаздық өнердің қыр-сырын үйренген түлектер мамандық бойынша қоғамдық тамақтану орындарында, балабақша, емхана, мектептерде абыройлы еңбек етсе, бірқатары кәсібін бастаған.

Гүлмира Еспенбетова мектеп бітірген соң Қорқыт ата атындағы Қызылор-



да университетіне «инженер-технолог» мамандығы бойынша оқуға түскен. Бала кезінен ас дайындауға ерекше ықыласы мен бейімі бар кейіпкеріміз өзінің ұнатқан мамандығы бойынша жасаған жұмысына риза. Осылайша өз ісінің шебері бізді күнделікті жұмыс процесімен таныстырып та үлгерді.

Аспаз – қоғамдық тамақтану орындарында тамақ дайындайтын адам. Бұл мамандық маңызды, қызықты және болашағы зор. Бірақ бұл сөздер аспаздық кәсіпті толық сипаттай алмайды. Бұл мамандықтың адамдары нағыз сиқыршылар десек те болады. Олар саналуан өнімдерге, ең жақсы тағамдарға арналған мыңдаған рецепті біледі. Аспаз өнімдердің сапасын сыртқы түріне қарай, тағамның дайын болу дәрежесін иісі бойынша

анықтайды. Асханада ол көптеген адам үшін өнімдердің бет белгісін есептейді. Жоғары деңгейлі мейрамханаларда ол тағамға өзіне белгілі құпия ингредиентті өзінің ұнатқан мамандығы бойынша жасаған жұмысына риза. Осылайша өз ісінің шебері бізді күнделікті жұмыс процесімен таныстырып та үлгерді.

Аспаз – қоғамдық тамақтану орындарында тамақ дайындайтын адам. Бұл мамандық маңызды, қызықты және болашағы зор. Бірақ бұл сөздер аспаздық кәсіпті толық сипаттай алмайды. Бұл мамандықтың адамдары нағыз сиқыршылар десек те болады. Олар саналуан өнімдерге, ең жақсы тағамдарға арналған мыңдаған рецепті біледі. Аспаз өнімдердің сапасын сыртқы түріне қарай, тағамның дайын болу дәрежесін иісі бойынша

тандуды, тіпті медицинаны түсінуі маңызды. Осының бәрі аспаздың қажетті мамандық қана емес, сонымен қатар өте мәртебелі мамандық екенін дәлелдейді. Мен әлі күнге дейін үздіксіз ізденіс пен оқу үстіндемін, өйткені рецептер күнде өзгереді, – дейді Гүлмира Еспенбетова.

Аспаздың жұмысы қиын да жауапты екенін кейіпкеріміздің әңгімесінен байқадық. Аспаз болу – қызықты, беделді және сұранысқа ие, жоғарғы дәрежелі мамандық. Оны абыроймен арқалап жүрген Гүлмира Ізбасарқызы отбасында 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр. Бүгінде оның шәкірттерінің алды үлкен жетістікке жетіп, кәсібін жандандыруда.

Жандос ЖАЗКЕН

Конференция



Әулиенің жұмбақ әлемі

«Руханият» орталығында көріпкел емші, әулие Бекниязұлы Беркінбай көлпенің 115 жылдығына орай «Әулиенің жұмбақ әлемі» атты облыстық танымдық конференция өтті. Жиында алдымен аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов көлпенің қасиеті мен өмір жолына тоқталды.

– Бүгінгі танымдық конференцияға тарихшылар, белгілі зиялы қауым өкілдері, ардагерлер және көлпенің ұл-қыздары қатысып отыр. Дана халқымыз «Асыл туған адамның баға жетпес нарқы бар» деген нақылды бекер айтпаған. Әркім өз дәуірінің перзенті. Адам мен қоғам біртұтас десек, адамды сол өзі өмір сүрген дәуірінен бөліп алып қарай алмаймыз. Адамдардың қызметін тұтас дәуір тарихы, замана шындығы деп қараймыз. Беркінбай көлпе де – өз дәуірінің жүгін арқапалаған тұлға. Беркінбай көлпе жаратылысы ерек, тұлға-бойында беймәлім қасиет тұнған мықты ерлік қабілетімен де елдің ыстық ықыласына, құрметіне бөленген. Бүгін қасиет қонып, қыдыр дарыған

көлпенің туғанына 115 жыл толып отыр. Осыған орай ұйымдастырылған конференцияның мақсаты – халықтың есінде ерекше қасиетімен, әулиелігімен, қазақы емшілігімен қалған тұлғаның рухына тағзым ету, елеулі еңбегін насихаттау, – деді Өмірзақ Елеусінов. Басқосуда Беркінбай көлпенің өмірінен сыр шертетін бейнебаян көрсетіліп, Сыр еліне белгілі тарихшылар көлпенің көреметін көпшілікке сөзбен суреттеп жеткізді. Конференцияда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры, ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Бақытжан Ахметбек, «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының маманы, «Сыр дидары»

газетінің редакторы Сәкен Алдашбаев, Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің тарих пәнінің мұғалімі Дархан Ілиясов, аудандық музейдің ғылыми қызметкері, тарихшы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Марат Шөмекей баяндама жасап, тақырып төңірегінде тың деректерімен бөлісті. Сонымен қатар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, Беркінбай көлпенің баласы Бисен Беркінбаев және әулиенің көзін көрген ардагерлер гиратты ғұмыр иесінің өмір жолына кеңінен тоқталды.

– Ауданда 2009 жылы Беркінбай Бекниязұлының 100 жылдық мерейтойына орай ас берілді. Аталған шараны іске асыру үшін бюджеттен қаражат қаралмағандықтан сол кездегі

аудан әкімі Ө.Шөменовтің ұсынысымен көлпе атынан есеп-шот ашылды. Бұл іс-шараға бүткіл аудан халқы, Қызылорда, Алматы, Астана қалаларында тұрып жатқан ағайындар да атсалысты. Есеп-шотқа ақша аударған мекемелер мен азаматтардың аты-жөні және шотқа түскен қаржы көлемі жергілікті «Жалағаш жаршысы» газетіне нөмір сайын жарияланып тұрды. Ол тұста да көлпенің мерейтойы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бүгін де игі шараның куәсі болып отырмыз. Осындай тағылымды жиындар арқылы тұлғаның болмысы ашылады, өнегелі өмір жолы кейінгі буынға насихатталады, – деді Марат Шөмекей.

Айта кетейік, Беркінбай көлпе кесенесі мен зиярат орны кеңес заманында бой көтерген. Көлпе кесенесін ұрпақтары тұрғызған. Түнеухана құрылыс жұмыстарының жоспарын сызып, құжатын дайындап, зиярат орнын салдырған азамат сол кездегі ЖМК-17 басшысы Қожахмет Баймаханов болатын. Жергілікті халықтың күшімен түнеухана жанынан асхана, сарай, сәкі секілді қосымша құрылыстар салынып, мінажат орны аумағын абаттандырып, темір шарбақтармен қоршау, тағы басқа көптеген жұмыстар жасау жоспарланған. Дөңкерлеу жұмыстарын қолжетімді бағаға Көздібаевтар әулеті атқарған. Жұмыс қызып тұрған шақта дөңкерлеуші жігіттер келісілген қаражаттан бас тартып, тегін жасап берген.

Сол тұста аудандағы шешен ұлтының азаматтары көлпе басының жаңғыртылып жатқанын естіп, олар да көмек қолын созады. Түнеухана алды мен кесенеге дейінгі аяқжолға төселетін бетон плиталарды өз техникаларымен әкеліп, төсеп береді. Осыдан-ақ оның аудан жұртына қандай сыйлы, қадірлі болғанын аңғаруға болады.

Беркінбай Бекниязұлы 1909 жылы Ақсу ауылының «Ақбөгет» деген жерінде дүниеге келген. Әйгілі Сыр бойының саңлақ батыры Серіке батырдың алтыншы ұрпағы. 1977 жылы көлпе өмірден өтіп, өзі туып-өскен ауылының қасиетті топырағына жерленген. Оның басына салынған төртқұлақты күмбезді кесене маңдайшасына көлпенің көзі тірісінде қолданған дәрет құманы мен Түркістан жақтан көтеріп әкелген қара тастың сынығы қойылған. Бұл киелі орын мәдени ескерткіштер тізіміне еніп, мемлекет қарауына алынған. Танымдық конференциядан соң Беркінбай Бекниязұлының ұл-қыздары мен ұрпақтары көлпе рухына арнап ас берді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ерлік

Ұлы Отан соғысы қазақ жұртына үлкен шығын әкелгені тарихтан белгілі. Материалдық шығынды, ел тұрмысының төмендеуін былай қойғанда, адам шығыны да аз болған жоқ. Сөзімізге дәлел келтіру үшін қыр асудың қажеті шамалы. Әріге бармай-ақ сол жылдардағы аудандағы ахуалға шолу жасасақ та жеткілікті. Мәселен, бұл соғыста жалағаштық 2316 сарбаз майдан шебінде ерлік көрсетті. Сорақысы сол екі мыңнан астам сарбаздан елге тек 695-і ғана оралды. Өкініштісі, 1621 азаматтың сүйегі жат жерде қалды.

Соғыстан кейінгі жылдары да елде құлдырау болғанын жақсы білеміз. Бірақ оны еңсеруде де Ұлы Отан соғысын жеңіспен қорытындылаған сарбаздардың өзіндік қолтаңбасы барын тарих айғақтайды. Елге аман-сау оралған сарбаздар шығынды қалыпқа келтіріп, елдің қайта өңге тіктеуіне де еселі еңбегімен сүбелі үлес қосқан еді. Қан майданның ортасында жанкештілігімен, ерлігімен, қайсарлығымен жеңіс әкеліп, кейін елдің тоқырау кезеңді еңсеруінде де айшықты қолтаңбасын қалдырған атпал азаматтардың бірі Ұлы Отан соғысының



Өмір жолы өнеге



ардагері Камаладин Құрманәев болатын. Камаладин Құрманәев 1924 жылы қаңтар айында Жалағаш ауданы Карл Маркс ауылдық кеңесі Қызыл Ту ұжымшары елді мекенінде, яғни қазіргі Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. Жастық шағы аласапыран кезеңге тура келген атпал азамат Ленин атындағы мектептің 7 сыныбын 1940 жылы бітіреді. Әкесінің науқастығынан оқуын әрі жалғастыра алмады, кейін жұмысқа қарапайым жұмысшы болып еңбек етті.

Ол 1942 жылы наурыз айында соғысқа аттанды. Ол тұста Камаладин атамсы небәрі 19 жаста екен. Жаңадан қайта толықтырылып жатқан №19 гвардиялық дивизияның 54 полкінде 120 мм-дік минометшілер ротасына атқшы болып қабылданады. 1942 жылы тамыз айында дивизия Волхов майданы қарамағына келеді. Дивизияның міндеті 17 шақырым тереңдіктегі жау шебін бұзып, Ленинград қоршауын тас-талқан ету мақсатында Сянбин бағытында соғысқа қатысты. Ұрыс даласында жүрген жас сарбаз елге, туған жерге деген сағынышын өлең жолдарымен жеткізген.

Хат жазамын қалам алып қолыма, Жас жүрегім жалын болып шапқыма.

Мен жиырмай құрбыларға арнаймын, Зарлы жүрек қарар сөздің парқына. Өз елімде болған жастың бірі едім, Не тілесе, мен де соны тіледім. Үшеу едік, бір егіздің сыңары. Ажыратты, бұл да Алпаға унады. Өзім кеттім туған елден бөлініп, Ауру әкем, шешем қалды-ау, Көзінен жасы төгіліп.

Түскеннен соң бұл қайғылар басым, Сол сөзбен күйіп отыр жағдай-ау. Бұл түсінген адамға елге деген сағыныштан туған жүрекжарды жыр еді. Өзі қиын кезеңде ағайын-туыстан дос-жаран, ел-жұрттан жырақта жай жүрудің өзі оңай оқпайды. Ал Камаладин атамсы сұм соғыста жаумен бетпе-бет келді. Отан алдындағы борышын ұрыс даласында өтеді. Соғыста жүріп, құлдырап жатқан елдің жайына қатар алаңдады. Әлгі өлең шумақтары осындай шақта жазылса керек.

Мұнан кейін Калинин майданында, Великие Луки қаласын алуға 1942 жылы желтоқсан айының 29-ы күні жараланып, Мәскеуде, Ока бойындағы Павлов қаласында 4 ай ем алады. 1943 жылы мамыр айында Мәскеуде толықтырылып жатқан №115 қорғанысты ұстап

тұратын ескер құрамасында болды. Бұл орталық майдан атақты Курск-Орлов жарты шеңберін қорғап, осы майдан алға басқанда орыс жерін тазартып, Беларусь жеріне кіргенде І-ші Беларусь майданы болып қайта құрылды. Осы құрамда орыс, бүкіл Беларусь, Польша, неміс жерлері мен Березина, Днепр, Висла, Одер өзендерінен өтіп, аман-сау немістің атақты Эльба өзені бойына жетіп, Америка ескерлерімен кездеседі. Соғысты сол жерде аяқтап, 1947 жылы сәуір айында елге оралды.

Камаладин Құрманәев туған жерге оралған кезде де қарап жатпады, ол тұста әрбір аудан, ауылдық елді мекендерге де Ұлы Отан соғысы үлкен шығын әкелді. Сол құлдыраған өңірді қалыпқа келтіріп, туған жердің қайта тәуелді де Камаладин атамсы айшықты қолтаңбасын қалдырды. Ол алдымен Жалағаш ауданында Қарақеткен тұтынушылар қоғамында есепші, басқарма төрағасы, аудандық тұтынушылар қоғамы одағының сауда жөніндегі орынбасары, дайындау конторының директоры, 1971-1992 жылдары аралығында колхозаралық құрылыс мекемесінде бас экономист болып қызмет атқарып, 1992 жылы зейнеткерлікке шықты.

Атпал азаматтың майдан шебінде көрсеткен ерлігі ескерусіз қалмады. «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Соғыстағы ерлігі үшін» медалімен, «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» және тағы басқа да медальдармен марапатталды.

Камаладин Құрманәев зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстардан тыс қалған жоқ. 1995 жылы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Алматы қаласында болып, Президенттің Үкімет басшылары және Қорғаныс Министрімен кездескен. 2001 жылы сәуір айында атамсы екінші рет Алматы қаласында Мемлекет басшысының қабылдауында болып, Арал теңізінің мәселесін көтерді.

Ұлы Отан соғысы ардагерінің бейбіт өмірдегі атқарған қызметтері де ескерусіз қалған жоқ. Бірнеше медалды кеудесіне тақты, алғыс хаттармен марапатталды. Мұның бәрі майдан даласында көрсеткен ерлік пен, кейінгі жылдары туған жердің гүлденуіне сіңірген еңбектің өтеуі болатын.

Камаладин атамсы бен Айтқұл әжеміз 4 қыз, 3 ұл тәрбиелеп өсірді, олардан 14 немере сүйді. Барлық баласын оқытып, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Ардагер әкеміздің әрбір жасаған ісінің, майдан даласында көрсеткен ерлігінің түпкі мақсаты бір еді. Ол «ендігі жерде ұрпақтар біз көрген қиындықтарды көрмесе, елімізде баянды бейбітшілік болып, жастар қайғысыз адал еңбектерімен өмір сүрсе екен, егемемдігіміз нығая берсін» деген мақсатқа саналы ғұмырын сарп етті. Осындай өнегегемен өрілген ғұмыр иесімен тұтас Жалағаш жұрты мақтанады. Ұлы Отан соғысының ардагері 2005 жылы дүниеден өтті. Келер жылы – Жеңістің 80 жылдығы. Сол мереке қарсаңында аудан жұртының мақтанышына айналған ардагердің есімі бір көшеге берілсе, лайықты құрмет, бір жағынан ардагер рухына тағзым болар еді. Ол – алдағы уақытта ел ағаларының өңісіндегі жұмыс.

Биыл соғыс және еңбек ардагері Камаладин Құрманәевтың туғанына – 100 жыл Мерейтой қарсаңында «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы облыстағы өкілдігімен бірігіп, Камаладин Құрманәевтың, Намұрадін Құрманәевтың және Даниял Рахымбайұлы атындағы облыстық құран оқу байқауы өтті. Байқауға 70 шәкірт қатысып, жеңімпаздар қаржылы сыйлықтармен марапатталды. Мұнан бөлек 3 адамға Умраға жолдама берілді. Мұнан соң «Орда» мейрамханасында ас беріліп, баба рухына құран бағышталды.

Мейрамбек БОЛАТҰЛЫ

Сессия

Мәселелер қолдау тапты

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс 20-сессиясы өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұл Маратқызы хабарлама жасады.



Баяндамашының сөзінше, өткен жылдың қорытындысымен кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының бюджетінде 9044,2 мың теңге бос қалдық қалыптасқан. Аудандық бюджеттен 7552,5 мың теңге бағытталады, өз кірістерін ұлғайту жоспары – 30078 мың теңге, жалпы құны 46 674,7 мың теңгемен 2024 жылға арналған ауылдық округ әкімі аппараттарының кірістер жоспарын ұлғайту көзделуде.

Нұрсұл Маратқызы осыған дейін ауылдық округтердің 2024 жылға жылдық түсімдер болжамына талдау жүргізілгенін айтады. Нәтижесінде жеке табыс салығы 2707 мың, бірыңғай жер салығы 16230 мың, жер учаскелерін сатудан 260 мың, мүлкті сатудан түсетін түсімдер 765 мың, мүлкті жалға беруден 253 мың теңге артық түсім қалыптасқан.

Аудандық кірістер басқармасының 1 мамырдағы жағдай бойынша ұсынған мәліметінде кент, ауылдық округтер бойынша жеке тұлғалардың көлік салығына 2023 жылғы қарызы 24 937,4 мың, жұмыс жасау барысында 29 863 мың теңге салық түсетіні көрсетілген. Енді көлік салығын ұлғайту жоспарлануда. Өзгерістерге сәйкес кент, ауылдық округтер бюджетін 46 674,7 мың теңгеге нақтылап, тиісті шығыстарына бағыттау жоспарлануда.

Екінші мәселеге байланысты аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Еркебұлан Жамалатов хабарлама жасады. Ол ауданда шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №787 қаулысымен бекітілген Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларына сәйкес өзіндікпен айналысатын аймада. Шетелдіктер үшін туристік жарна туристерден хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болатын әрбір тәулік үшін алынады.

Шетелдіктер үшін төленуге тиісті алынатын туристік жарна сомасы тұру қорына өңгізілмейді. Жыл қортындысымен шетелдіктердің келу саны аз болғандықтан, былдан бастап 31 желтоқсанда қоса алғанда болу құнының нөл пайызы бекітуге облыстық әділет департаментінен келісім алынған. Мәслихат депутаттары тарапынан сессияға ұсынылған мәселелер бірауыздан қолдау тауып, шешім жобалары мақұлданды.

Сессия соңында аудан әкімі Ардақ Ибраимов ауданның бюджеті, оның ішінде кірістер бөлігін ұлғайту бағытында атқарылып жатқан шараларға тоқталып, мәслихат депутаттарын осы жұмыстарға қолдау көрсетуге шақырды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кеңес

Тапсырма тиянақты орындалуы тиіс

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде Жалағаш кенті бойынша діни экстремизм мен терроризмге қарсы жүргізілген профилактикалық шаралар және білім беру ұйымдарында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар, негізгі мәселелер қаралды.



– Қазақстандағы деструктивті діни ұйымдарға қатысты мәселелердің маңыздылығына Мемлекет басшысы ерекше назар аударып, еліміздегі діни ахуалды реттеу бойынша бірқатар нақты тапсырма берді. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алып, адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірленді. Бағдарламада көрсетілген мақсат-міндеттерді аудан көлемінде мүлтіксіз орындап, тиісті шаралар қабылдануы тиіс, – деді Ардақ Әбдіғалпарұлы.

Ол діни экстремизмнің алдын алу үшін конфессияаралық келісім мен төзімділікті, Қазақстан халқының рухани мәдениеті мен дәстүрін дөрілтеп, халықтың діни және құқықтық сауатын көтерге отырып, радикалды діни ағымдардың түпкі ойын әрбір азаматқа анық көрсету қажеттігін жеткізді. Комиссия отырысында берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалуын бақылау және үйлестіру аппарат басшысы Ержан Еділбайұлына жүктелді.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырманға паш еткен болатын. 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар ақыны Адырбек Сопыбековтің бір топ өлеңдерін жариялап отырмыз. Мереке қарсаңындағы бұл тартуымыз жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлайды деген ойдамыз.

Сонарда

Атам менен ағам да,
Аңға шығып қайтып жүр.
Ол туралы маған да,
Көп әңгіме айтып жүр.
Аңға шықсам екен деп,
Елөндеп те каламын.
Кейде еріп кетем деп,
Мазаларын аламын.
Тұрдым да бір ертерек,
Ұқсайын деп соларға.
Күшігімді жетелеп,
Шығып кеттім сонарға....
Көтерілген күн көзі,
Жауған екен қар қалың.
Жосып жатыр тек ізі,
Жорғалаған қарғаның.

Жусаны мол бел еді,
Қар жамылған дала аппақ.
Ала күшік келеді,
Жан-жағына алақтап.
Ұзап кеттік ауылдан,
Қашан аңға болам тап?!
Аң жоқ, бірақ табылған,
Келем әлі аландап.
Қоян кенет секірді,
Қос құлағы селт етіп.
Қатты үркіген секілді,
Күшік кетті селк етіп.
Сасып қалдым өзім де,
Жолбарыс па екен деп.
Қоян соның өзінде,
Кетіп қапты секеңдеп.

Кәмпитіңнен берші

Анарбай мен бұл Шынар,
Жұмыс десе құлшынар.
Бұлар үйге кіргенде,
Үйден қалай құр шығар?!
Бұлар дос қой сөзсіз-ақ,
Әңгімені сәл созсақ,
Ұртым кеткен томпайып,
Бас ауырып, тіс сыздап.
Жағым іскең көрші кеп,
Емдемесе емші кеп.
Сөйтсем Шынар қоймайды:
– Кәмпитіңнен берші, – деп.



Ақ самаурын

Көкем менің – қауыншы,
Ағам менің – егінші.
Апам менің – сауыншы,
Жеңгем менің – тігінші.
Үйде өзім қаламын,
Болды оқылып сабағым.
Сексеуілді аламын,
Тұтатамын самаурын.
Жұмыс бітті біртіндеп,
Сұрттім еден, айнаны.
Екі иығы бүлкілдеп,
Ақ самаурын қайнады.
Дастарханда бәрі сай,
Не керекті толтырдым.
Енді әжеме қызыл шай,
Құйып беріп отырмын.
Болды енді бәрі жөң,
Қантты шайға салады.
Терлеп-тепшіп ақ әжем,
Ертегіні соғады.



Тамшы

Осы біздің ауылдың,
Ауа райы қызық-ақ!
Алды жетті дауылдың,
Ойнап жүр ек күнұзақ!
Бұлт торлап ап ілезде,
Аспан толды жарқылға.
Жаңбыр құйды бір кезде,
Паналадық шатырға.
Аң-таң болып жатырмың,
Ел-сәл етті даланы.
Дәл төбесін шатырдың,
Тырсылдатып қағады.
Қарап едім төбедең,
Тамшы тама бастапты.
Су болмасын деп еден,
Қоя салдым тостақты.
Бізді қуып келгендей,
Кезіп-кезіп даланы:
«Шы-ық-қ!» Шы-ық-қ!
Шы-ық-қ!» дегендей,
Тамшы тынбай тамады.

Күншуақ

Қыс өтіп,
Көктем көп еді.
Бұлт та жоқ,
Аспан ашық-тын.
Күн нұрын көктен төгеді,
Далаға мен де асықтым.
Апама анау қара өні,
Киізді жайып тастаған.
Жадырап әжем қабағы,
Ұршық иіре бастаған.
Жан кіріп қапты бұтаққа,
Түрленіп дала күн санап.
Қарайды ағам кітапқа,
Жеңешем отыр жүн сабап.
Бақташы атам өріске,
Көз салып ұзақ қарайды.
Сүйсініп,
Бірге ілескен,
Бұзауын сиыр жалайды.
Жайлауым қандай көк еді,
Көл-дағы жатыр тыншып-ақ.
Күн нұрын көктен төгеді,
Ғажап қой, қара, күншуақ!



Менің атам

Атам ұста білемін,
Сом денелі, бөрікті.
Сыбанып ап білегін,
Басып жатыр көрікті.
Үлкен төс тұр қасында,
Балға қолдан түспейді.
Менің атам осында,
Көп нәрсені істейді.

Кетпең, айыр, тырманы,
Тракторға соқпаны,
Әп-әдемі арбаны,
Атам қолдан соғады.
Кішкентайлау болғанмен,
Атама келді ұқсағым.
Үйреніп ап одан мен,
Қоларбаны жасадым.

Ұстаз

Күлімдеген,
Күнім деген,
Қамқор болған ұстазым.
Жаны жайсаң,
Жайдары жан,
Ұғындырған сөз сазын.
Бәрің білген,
Білім берген,
Жас ұрпаққа талмастан.

Әрбір жастың –
Қарлығаштың,
Көңіл сырын дәл басқан.
Талаптанып,
Қанаттанып,
Өмір сырын ұғамыз.
Білім алып,
Тұлғаланып,
Азамат боп шығамыз.

Тұсауымды кесіп ең

Құтты болсын мерекең,
Жаса «Ұланым» – берекем.
Сен аялап өсірген
Жұлдыздарың көп екен.
Кемел, Жақан, Оспанқаң,
Түскен жоқ қой аспаннан.
Кешегі өткен Бердібек,
Қадамы сенен басталған.
Бал арадай нәр жиса,
Ақын Күләш, Фариза,
Сансызбай, Машқар, Тынышбай,
Бәрі өзіңе риза.
Тұсауымды кесіп ең,
Көтерілді несібем.

Қалам ұстап қолыма,
Мен өзіңнен өсіп ем.
Үмітімді ақтаған,
Газетім деп мақтанам.
Тілші болып, автор боп,
Табалдырығынан аттағам.
Аспандатып өнерің,
Жарқыратып өлеңің.
Таланты бар баланы,
Қолтығынан демедің.
Ашып ой мен санасың,
Көңілің де табасың.
Өсіріп бәрің жіберіп,
«Ұлан» боп өзің қаласың.



Торғай


Көрсетпейді күн көзің,
Қарлы боран ұлыған.
Үйде отырмын бір өзім,
Үйдің іші жылыған.
Қонды көліп бір торғай,
Төресенің алдына.
Дір-дір етті, ойпырмай,
Сыртта тоңып қалды ма?
Барып қонды бұтаға,
Сілкіп-сілкіп тұр үстің.
Сөздірмедім атама,
Ұстауға енді кірістім.
Шылапшының бұрышын,
Бір таяққа тіредім.
Ұзын жіптің бір ұшын,
Үйден ұстап тұр едім.
Қар борап тұр ұйытқып,
Торғай енді састы ма?
Шылапшыңды ық тұтып,
Паналады астына.

Ұшып кетпей тұр торғай,
Болар ешкім жоқ деген.
Енді қарап құр тұрмай,
Тартып қалдым жіпті мен.
Ұстап алу қызық-ақ,
Торғайды үйге ап кірдім.
Наннан аздап үзіп ап,
Оған қоса қақ бердім.
Шығармауға бола ма,
Үркісе үйді бөтен деп,
Алып шықтым далаға,
Енді қайтер екен деп.
Бір сілкінді ол енді,
Қанаттары дір етіп.
Бұлқынды да жөнелді,
Ұшып кетті «пыр» етіп.
Үйден біреу қуып па,
Қайда кетіп барады-ау?
Өттең, мынау суықта,
Қайта тоңып қалады-ау!

Қос үйрек

Жарқырап тұр күміс күн,
Тату-тәтті қос үйрек,
Серуендеп жүр көл үстің,
Су бетіне сап ирек.
Екеуі де маужырап,
Тыңдағандай ән-күйді.
Көлеңке жоқ, тау жырақ,
Көл бетінде қалқиды...
Мылтық даусы естілді,
Толқып кетті көл де енді.
Қос үйрек те кеш білді,
Бұғып келген мергенді.
Бір үйрек кеп тосыннан,
Құлап түсті.
Қан аққан!

Ажыратты досынаң,
Жалғыз оқ кеп дәл атқан.
Жүр еді ғой салқындап,
Ол несі екен атқаны?
Тірі үйрек қаңқылдап,
Бір сәт дамып таппады.
Үстің суға малшыды,
Жарып етті қияқты.
Досын атқан аңшыны,
Іздеп кеткен сияқты.



Бетті дайындаған Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 854

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ